



**2025-2026 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс- әрекеттің
перспективалық жоспары
«Гүл» ересектер әртүрлі жас тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс- әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» жеке балабақшасы

Топ: «Гүл» ересектер тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезені: Қыркүйек-мамыр 2025-2026 ж.ж.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|----------|--|
| Қыркүйек | Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. |
| | <p>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (Музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету. Таныс шығармаларды білу.</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: би қимылдарын орындауға қызығушылығын тудыру. Музыканың нақты ырғағына байланысты би қимылдарын үйрету.</p> <p>Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: балаларға арналған аспаптармен таныстыру. Сылдырмақпен әуенді ойнау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды, таныс шығармаларды таниды, әнді мәнерлеп, созып айтады. Музыканың ырғағын нақты біледі. Би қимылдарын орындайды.</p> |
| Қазан | Тәуелсіздік және отаншылдық айы. |
| | <p>Музыка тыңдау: Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.</p> <p>Ән айту: Әнді қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға үйрету. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру.</p> <p>Билер: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі. Әнді қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады. Марш сипатын ырғақты жүрумен береді. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды.</p> |
| Қараша | Әділдік және жауапкершілік айы. |

| | |
|-----------|--|
| | <p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын ,қатты)</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруге үйрету.</p> <p>Билер: Билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл ырғақпен қозғалуға үйрету.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі. Музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүрумен береді. Ағаш қасықтармен әуендерді ойнайды.</p> |
| Желтоқсан | <p>Бірлік және ынтымақ айы.</p> |
| | <p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (баяу, жылдам)</p> <p>Ән айту: Әуенді таза анық айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.</p> <p>Билер: Жұппен би қимылдарын орындау. Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Асатаяқ аспабымен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Әннің сөздерін анық айтады. Музыканың ырғағын нақты береді. Қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді.</p> |
| Қаңтар | <p>Заң және тәртіп айы.</p> |
| | <p>Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары дыбыстарды тыңдату).</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.</p> <p>Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекетін орындау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Барабан аспабымен таныстыру. Қарапайым әуендерді ойнату.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды.</p> |
| Ақпан | <p>Жасампаздық және жаңашылдық айы</p> |
| | <p>Музыка тыңдау: Секста, септима шегінде төмен дыбыстарды ажырату.</p> <p>Ән айту: Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.</p> <p>Билер: Шенбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған металлофон аспабында қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыканың сипатына қимылдарды орындайды. Төмен дыбыстарды ажыратады. Қарапайым әуендерді орындайды.</p> |

| | |
|--------|---|
| Наурыз | Тәуелсіздік және отаншылдық айы |
| | <p>Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.</p> <p>Билер: Қазақтың ұлттық биі «Қамажай» биін үйрету.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Таныс әндерді аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз орындайды. Ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындайды. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның дауысын таниды.</p> |
| Сәуір | Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. |
| | <p>Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсету.</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.</p> <p>Билер: Музыканың сипатына сәйкес шапшандық пен ептілік танытуға үйрету.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</p> <p>Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес шығармаларды орындап, сылдырмақтармен, асатаяқпен ойнау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қимылдарды орындауда шапшандықпен ептілік танытады. Сылдырмақпен асатаяқ аспабында қарапайым әуендерді орындайды.</p> |
| Мамыр | Бірлік және ынтымақ айы |
| | <p>Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. (педагогтің көмегімен)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Билер: Атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды, топпен бірге бастап, бірге аяқтайды. Би қимылдарын орындайды. Балалар музыкалық аспаптарын таниды.</p> |